



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

zangazet@mail.ru

№64 (3693)
23 тамыз 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ: ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫҢ КИІМ ҮЛГІСІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешенінде орналасқан Аккредиттеу орталығының жұмысы, Көшпенділер ойынына қатысатын ұлттық құраманың киім үлгісі таныстырылды. Халықаралық іс-шараға 1500 ерікті тартылады. Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев Ұлттық құраманың әзірлігі жөнінде баяндады.

Оның айтуынша, осы уақытқа дейін халықаралық және республикалық деңгейде 42 оқу-жаттығу жиыны өткен. Сондай-ақ спортшылар 7 халықаралық және 25 республикалық турнирге қатысқан.

Жалпы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына әлемнің 89 елінен 2800 қатысушы мен ресми делегация мүшелері келеді. Сайыстың 21 түрінен 97 медаль сарапқа салынады. Негізгі жарыстар «Астана-арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, «Алау» мұз сарайы, Жаксылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайы, «Думан» қонақ үй-спорт ке-

шенінде өтеді. Ал жамбы ату мен теңге ілуге арнайы алаң жасакталған.

Халықаралық дода аясында 150-ден астам мәдени іс-шара жоспарланған. Мәселен, Этноауылда – Көшпенділер мәдениеті музейі, қолөнершілер және мүсіндер көрмесі, ал Ұлттық музейде «Көшпенді халық: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылады. Алдын ала болжамға сәйкес, осы күндері елордаға 100 мыңға жуық турист келуі мүмкін. Осыған орай 20-дан астам қонақ үйдің, сондай-ақ туристер жиі баратын орындардың дайындығы пысықталып, қала көшелерін абаттандыру, безендіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

АҚШАҢЫЗДЫ АҚЫЛМЕН БАСҚАРЫҢЫЗ

Қазақстанда қаржылық сауаттылық соңғы жылдары қоғамда қызу талқыланып жүр. Бұл тек жеке тұлғалардың ғана емес, бүкіл елдің экономикалық тұрақтылығы мен дамуына тікелей әсер ететін маңызды мәселе. Қаржылық сауаттылық – бұл адамның қаржы құралдарын тиімді пайдалану, дұрыс қаржылық шешімдер қабылдау және қаржылық тәуекелдерді басқару қабілеті. Өкінішке орай, қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі көптеген азаматтардың бұл мәселеде қиындықтарға тап болуына себеп болып отыр.

Қаржылық сауаттылықтың жетіспеушілігі көпшіліктің қаржылық қателіктер жасауына, тіпті алаяқтардың құрбаны болуына алып келіп жатыр. Мысалы, жоғары пайыздық мөлшерлемелермен несие алу немесе жалған инвестициялық жобаларға ақша салу сияқты шешімдер азаматтардың қарызға белшесінен батуы мен қаржылық қиындықтарға тап болуына әкеледі. Кейбіреулері тіпті өз үйлерінен айырылып, ауыр қаржылық күйзелістерге ұшыраған. Бұл жағдайлар қаржылық білімнің жетіспеушілігіне туындайды, сондықтан қаржылық сауаттылықты арттыру қоғамның басты міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Қазақстанның жалпы экономикалық дамуы азаматтардың қаржылық сауаттылығына тікелей байланысты. Қаржылық сауаттылық деңгейі жоғары елдерде экономикалық тұрақтылық пен халықтың әл-ауқаты да жоғары деңгейде болады. Бұл тақырыпты тереңірек түсіну үшін біз қаржы сарапшысы Заңғар СӘЛІМ-БАЕВПЕН арнайы сұхбат жүргіздік.

– Бір микроқаржы ұйымынан екінші ұйымға қарыз алу мүмкіндігін шектеу қандай артықшылықтар береді?

– Бір микроқаржы ұйымынан екінші ұйымға қарыз алу мүмкіндігін шектеу қаржылық сауаттылығы төмен адамдар үшін маңызды қадам. Біріншіден, микроқаржы ұйымдарының пайыздық қойылымдары банктерге қарағанда әлдеқайда жоғары болады. Бұл олардың қаржылық мүмкіндіктерін одан әрі шектеп, қарыздық жүктемелерінің өсуіне әкеледі. Екіншіден, несие беру кезінде үлкен комиссиялар ұсталады. Мәселен, егер 1 миллион теңге мақұлданса, азаматтың қолына таза 900 мың теңге түседі, және 30-40% жылдық пайызды төлеуге міндетті болады.

(Соңы 6-бетте)

КӨЗҚАРАС

Халықтың құқықтық сауатын арттыру азаматтардың өзі үшін ғана емес, мемлекет үшін де өзекті. Себебі, мемлекет елде әділдік орнап, азаматтардың құқығы мен мүддесі тапталмасын деген мақсатпен заңның сауатын, құқықтық құрылымдардың пәрменді болуына басымдық беріп келеді. Тәуелсіздік алғалы бері бұл бағытта қаншама реформалар мен бастамалардың қолға алынғанынан көпшілік хабардар. Алайда, заңдар – құқықтық әділдіктің, құзырлы органдар – халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі болып отырғанына қарамастан, елімізде заңсыздық, құқықбұзушылық пен түрлі қылмыстар азайып кеткен жоқ. Мұның себебі неде?

Жалпы, заңсыздықтан, қылмыстан ешкім сақтандырылмаған. Дегенмен, құқықтық сауаттың жоғары болуы түрлі заңсыз әрекеттердің алдын алатынын ұмытпауымыз керек. Ол үшін аза-

ЗАҢДЫ БІЛУ – ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ҚОРҒАУ, ӨЗГЕНІҢ ҚҰҚЫҒЫНА ҚОЛ СҰҚПАУ

маттар өзінің заңды құқықтары мен міндеттерін білуі, сондай-ақ өз мүддесін өз бетінше қорғай білуі керек. Ал заңдық талаптарды оқымаған, оның қалай жүзеге асатынын толық меңгермеген адамның өз құқығын қорғауы қиын.

Қауіпсіз қоғам, әділ мемлекеттің орнығуы заңдарды оқып, білуден тұрмайды. Ол үшін азаматтар құқықтық құжаттардағы талаптарды сақтауы, айналасындағылардың пікірін сыйлауы, өзгелердің құқығы мен бостандығына құрметпен қарауы тиіс. Ал мұның алғышарты – отбасындағы тәрбиеден, балабақша мен мектептегі тәлімнен басталады. Себебі, заң – өз құқығыңды қорғау мен өзгелердің құқығына қол сұқпаудың теңгерімінен тұрады.

Ұрпағы онық жемесін деген ата-ана баласының «Обал болады, ұят болады, жаман болады» дегенді кішкентайынан құлағына сіңіріп өсіргені жөн. Обал мен сауапты біліп өскен баланың

ала жіпті аттамасы, біреудің құқығын таптамасы түсінікті. Заңдылықтың әліппесі әрбір отбасындағы мейірім мен қамқорлықтан, тек пен шектен құралады. Үйінде «тек» дегенді естімеген ұл-қыздың ұтылатын тұсы көп.

Бүгінде барлық мектептерде құқықтану дәрісі өтеді. Бірақ, мектеп бағдарламасына сай бөлінген аз ғана сабақта балаларға барлық заңдарды таныстырып, түсіндіру мүмкін емес. Көбінесе бұл дәрістерде еліміздің бас құжаты – Конституция басшылыққа алынып, осы заңның негізгі баптары оқытылады. Ал азаматтық қарым-қатынасты құқықтық тұрғыдан реттеуге ықпал ететін қаншама заң, кодекстер бар. Олардың барлығын балалар өз бетінше оқып, зерделемесе, мектепте таныстыруға уақыт жетпейді. Дегенмен, біз жастарға алдымен заңдарды сақтаудың маңызын түсіндіруге тиіспіз. Заңды сақтау – өз құқығыңмен қоса, қоғамдағы қауіпсіздіктің не-

гізі екенін балалар біліп өскені абзал. Екіншіден, жастар кез келген құқық бұзушылықтың жазасыз қалмайтынын, заңды білмеу жауаптылықтан құтқармайтынын ерте бастан ұғынғаны дұрыс. Үшіншіден, азаматтар өз құқығын қорғауда ғана емес, елдегі құқықтық реформаларды жасауда да белсенді болған жағдайда заңдар сапалы, жаңашылдықтар ел мүддесіне сай дайындалатын болады. Заңдағы, құқықтық алаңдағы қолға алынған кез келген өзгеріске бей-жай қарамаған жөн. Жаңғыртуларда халықтың талап-тілегінің ескерілуі біздің, болашақ ұрпақтың салауатты өмір сүруіне қажет.

А.ҚУАНАЛИЕВ,
ҚР Бас прокуратурасы жанындағы
құқық қорғау органдары
академиясының аға оқытушысы,
Әділет кеңесшісі

